

**Балабақша бойынша ата-аналар жиналысның
№1 ХАТТАМАСЫ**

№13 «Тұлпар» балабақшасы
«Жаңа оқу жылындағы балалармен жасалынатын
жұмыстың негізгі бағыттары»

07.09.2021ж.

Қатысқандар: меңгеруші – Г.Б.Керимбекова
әдіскер – К.Р.Каюмова
медбике – Л.К.Жолжаксинова
психолог – Ж.Ш.Жагапарова

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.2021 ж. жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс қорытындысы
- 2.МҰ-да 2021ж. жаз кезеңіндегі жөндеу жұмыстарының қорытындысы
- 3.Балабақшаның жаңа оқу жылына аалдына қойған міндеттері
- 4.Ата-аналар комитетін сайлау
- 5.Жол-көлік жарақаттарының алдын-алу

Қатысқандар: 43 ата-ана.

Жиналыс барысы:

ТЫҢДАЛЫНДЫ:

1.Б/б-ң меңгерушісі Г.Б.Керимбекова өз сөзінде, ата-аналарды 2021 ж. жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс қорытындысымен таныстырып, өтті.Тәрбиешілер мен мамандар оқу жылы барысында, тақырыптық апталар, дөңгелек үстелдер, асфальт бетіне сурет салу, құмнан жасалған ең керемет құрылыс, ғимарат сынды іс-шаралар өткізілді. МҰ педагогтері спорттық іс-шаралар өткізді.

2.Б/б-ң шаруашылық меңгерушісі А.К.Булатова өз сөзінде, 2021ж. жаз кезеңіндегі жөндеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Балабақша ғимаратында, ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

3.Б/б-ң әдіскері өз сөзінде 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық міндеттермен таныстырды.

4.Б/б-ң меңгерушісі Г.Б.Керимбекова, ата-аналар комитетінің төрайымына Кищенко Мария Сергеевнаны ұсынды.

5.Келесі кезекте б/б-ң медбикесі Л.К.Жолжаксинова сөйледі. Өз сөзінде ата-аналарға жол-көлік травматизмінің алдын-алу туралы айтып өтті. Ата -аналар, балаларды жолдың жүріс бөлігіне жібермеу, жолда жүру ережелерін үйрету. Ол бірнеше қарапайым ережелерді атап өтті:

- * жолдың жүріс бөлігіне жүгіріп шықпау, жүрмеу;
- * жолдың жүру бөлігінен тек жол белгілерімен немесе жаяу жүргіншілер жолағымен белгіленген жерлерде өтіңіз;
- * бағдаршам бар жерлерде көшеден тек сигнал арқылы өтіңіз;

Қызыл – тоқта, сары – дайындал, жасыл – жүр;

- * көшеде жүгірмеңіз, асықпай ақырын жүріңіз;

- * екі жақты қозғалысты көшеден өтпес бұрын, солға қараңыз, егер жақын жерде көлік болмаса, өтуді бастаңыз, жолдың ортасына жеткен кезде оңға

қараңыз, еге жақын жерде көлік болса, күтіп, көлікті өткізіп, содан кейін ғана жолдан өтіңіз;

* автобусты артынан айналып өт;

* автобусты немесе көлікті күту барысында, тротуардың шетіне тұрмаңыз;

* үйдің бұрышына, арқаға немесе кейбір кедергіге жақындағанда, тоқтап,

жақын жерде көлік жоқ екеніне көз жеткізіңіз;

Ең бастысы, кішкентай балаларды көшеге серуенге, ойнауға өздерін жалғыз жібермеу, қадағалау.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.


2. Жазғы кезеңдегі өткізілген жөндеу жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық міндеттер қабылдансын.

4. М.С.Кищенко - балабақша бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы болып тағайындалсын.

5. Жол-көлік травматизмінің алдын-алуын қадағалау.

Төрайымы:



Хатшы:

